

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-
ГУМАНИТАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ГАЗИ УНИВЕРСИТЕТІ



САНЖЫ УНИВЕРСИТЕТІ



МӘСКЕУ МЕМЛЕКЕТТІК ДИЗАЙН
ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
УНИВЕРСИТЕТІ



ТЫВА ГУМАНИТАРЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

**«ӘЛЕМДІК ЖАҒАНДАНУДАҒЫ ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІ:
МЫҢЖЫЛДЫҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ»**
атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

16-17 мамыр, 2014 ж.

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
**«ТЮРКСКАЯ ЦИВИЛИЗАЦИЯ В ЭПОХУ ГЛОБАЛИЗАЦИИ:
ВЗАИМОСВЯЗЬ ТЫСЯЧЕЛЕТИЙ»**

16-17 мая, 2014 г.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гумилев Л.Н. Хундар. Алматы, «Қазақстан» баспасы, 1998 жыл, 107 бет. Бұл да сонда. 113 бет.
2. Әлкей Марғұлан. Ежелгі жыр-аңыздар. Алматы, «Жазушы» баспасы, 1985 жыл. 36 бет. Бұл да сонда. 43 бет.
3. Жұртбай Т. Дулыға. I том. Алматы, «Жалын» баспасы, 1994 жыл. 67 бет.
4. Войтов В.Е. Древнетюркский пантеон и модель мироздания в культово-поминальных паметниках Монголии VI-VIII вв. Москва, Государственный музей востока, 1996 год. Стр. 124.
5. Базылхан Н. Көне түрік этнографиясының (КТЭ) бітіктастардағы деректанулық негіздері. // «Көрші», 2007 жыл, № 11. 145 бет.
6. Балқыбек Ә. Қасқыр құдай болған кез. Алматы, «Тұран» баспасы, 2008 жыл. 79-80 беттер.
7. Марғұлан Ә. Қозы Көрпеш – Баян сұлу кешені. Алматы, «Өнер» баспасы, 1994 жыл. 19-21 беттер.

ӘӨЖ 81'23

ТҮРКІ ӘЛЕМІНДЕГІ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ – ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Ж.Ж. Кузембекова

Г.Н. Искакова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

XX ғасырға дейін әлем жұртшылығы бейбітшілікті қамтамасыз ету тұрғысынан ұлтқа, тілге, нәсілге, дінге бөлініп келсе, XXI ғасырдан бастап керісінше бірігуде. Мұндай саяси қадамдардың ел бірлігі, тұтастығы және дипломатиялық қарым-қатынасының ілгерілеуі үшін маңызы зор. Бұл үшін мәдениаралық ықпалдастық, экономикалық өсім, жаңа байланыс жүйелерінің пайда болуы, көші-қон жағдайлары, қоғамдық санада жүріп жатқан күрделі өзгерулер және тағы сол сияқты да себептер ықпал етуде. Мұндай бірігу процестері тек әскери, саяси салада ғана жүзеге аспай, рухани, мәдени салада басымдыққа ие болуда. Осындай мәселелерден соң, өзара түсіністік пен рухани келісім, толеранттылық ұғымдарының мәні күн өткен сайын артып келеді. Өйткені бұл ұғымдар халықтардың ендігі дамуының маңызды факторы әрі әлемдік экономиканы рецессия жағдайынан алып шығар тұтқасы рөлін атқарып отыр. Мультимәдениет пен жаһандану ғасыры зорлықшыл әрекеттерге жол бермеуді, ешкіммен жауласпауды, өзгелерді тыңдап, пікірін сыйлауды, плюрализмді (саяси, этикалық, мәдени, діни, идеологиялық) жақтап, өзге мәдениеттерді бөтенсімеу қажеттігін сездіруде. Бүгінгі күні толеранттылық рухани-өнегелі категория ретінде қазіргі қоғам үшін өзінің тарихи, діни, психологиялық, педагогикалық, социомәдени өзектілігін айқын аңғартуда. Өткен ғасырда қырғи-қабақ соғыстар мен талай теперішті көрген ұлттар ендігі беталыста уақыт сынынан өткен, тексерілген, тиімділігі тарихпен дәлелденген осы ұғымдарды қоса басшылыққа алуда.

Толеранттылық көпжақты сөз ретінде қоғамдағы демократия, адам құқықтары мен бостандығы, диалог мәдениеті, мәдениаралық байланыс ұғымдарымен тығыз байланысты. Ол сондай-ақ, әлеуметтік, жеке, саяси, құқықтық, идеологиялық, коммуникативті, этикалық, дүниетанымдық, психологиялық, медико-биологиялық, діни-конфессияналдық, ұлттық-этникалық, гендерлік, нәсілдік, педагогикалық, тұрмыстық т.б. салаларда да кең қолданыста.

«Толеранттылық» сөзі алғаш рет батыста пайда болған. Әуелде діни салада қолданысқа түскен ол кейіннен басқа да көптеген жаңа ұғымдарға негіз қалады. Ал «төзімділік» ұғымы алғаш рет 1953 жылы медицина саласында пайда болған. XX ғ. 80-ші жылдардың аяғында саяси термин ретінде ресімделген, ол «толеранттылық» ұғымының синонимі болып табылады [1].

«Төзімділік» ұғымының мәні қазақ тілінде өте терең; ол адамгершілік, шыдамдылық, байсалдылық, кісілік, ізгілік, келісімді табу деген мағыналарды білдіреді. Төзімділікке, яғни толеранттылыққа қарсы «интолеранттылық» деген ұғым бар; ол адам, әлеуметтік топтар, мемлекеттерге байланысты ымырасыздық, шыдамсыздық, тағатсыздық, кейістілік, менмендік,

оспадарлық, парықсыздық деген мағыналар пайдалынылады. Толерантты парасаттың үлгісі қазақ билерінде кеп кездескен. Мысалы, Қазыбек бидің қалмақ ханы Қоңтайшыға айтқан «біз қазақ деген мал баққан елміз» - деп басталып, «достығымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз» деген сөздер өзара сыйластыққа шақырады [2].

«Төзімділік» ұғымы алғашында әлеуметтік ой саласында философиялық категория ретінде пайда болып, қатынас ретінде түсіндірілетін. XX ғ. бастап ол тәжірибе – саяси қызмет, технология ретінде көрініс табады, осыған байланысты ол жеке дара саяси ұғым ретінде танылады.

Төзімділік мәселесі теориялары шынайы классикалық теориялар болып табылатын Ағарту дәуірінде өмір сүрген ойшылдардың еңбектерінде зерттелген. Төзімділік XVII – XVIII ғасырлардың Дж. Локк, Ф.М. Вольтер, Ж.Ж. Руссо, И. Кант, XIX ғ. Дж.Ст. Милль, М. Вебер, Дж. Роулс, А.А. Алиев, М.С. Стецкевич, В.М. Золотухин, В.В. Шалин, Б.Г. Капустин және т.б. тарапынан кеңінен қарастырылған.

Испан саясаттанушысы Фернандо Лосано толерант ұғымына мынандай қысқа тұжырым берген: «Толеранттылық деген не? Ол шегініс, жол берушілік, я да немқұрайлылық емес. Ол басқаларды білу, түсіну. Ол өзара түсіністік негізінде орнайтын өзара құрмет. Толеранттылық деген не? Бірігуге – иә, біркелкілікке – жоқ. Әркелкілікке – иә, зорлыққа – жоқ. Қызу талқыға – иә, күшке, бағынушылыққа – жоқ» [3].

Түркі халықтарының ұлы ғұламалары болып саналатын қазақ халқы жаһанға әйгілі әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Қ.А. Яссауи т.б. сынды түркі халқының ғұламалары мен еңбектерін мақтаныш етеді. Олардың адамгершілік жөнінде жазған еңбектеріндегі қағидаларын жіті қарастыра отырып, құндылықтарын назарға ұстап жетілдіреді. Түркі халықтарының өркениеттілігіне, ғылымға әуестігіне Ислам дінінің әсері болғандығы анық. Ел тыныштығын сақтау үшін бүкіл әлемдік діндердің ынтымақтастығы мен түсіністігі, көптеген ұлттар мен ұлыстардың татулығы мен бірлігін алға тарта отырып парасатты басқарушының арқасында мемлекетіміз бейбіт өмір сүрін жатыр. Бұл, мүмкіндіктердің күші мен қуатын ұлы ғұламалар танып, өздерінің өмір сүру тәжірибелерінде оның игілігін де көре білді. Білгенін мұра етіп кетуге талпынды. Ислам дінінің түркі халықтарында жүру дәстүрінің ерекшеліктерін де мұралары арқылы меңзеп отырды. Ислам дінінің бірден-бір үкімі, ол – адамгершілік мәселесі болды. Адамгершіліктен өзге де қасиеттер, мәселен, өзге мәдениет пен тілге төзімділікпен қарау, сыйлау секілді қасиеттерді дарытты. Ислам мәдениетін түркі халқы құшақ жая қарсы алды және оны өздігінше өрбіте білді. Ислам діні біздің материалдық өмірімізге тек қана ойлар тізбегі ғана болып қоймай, ислам – адам өмірінің, адамгершіліктік қатынасының көрсеткіші бола білді. Ислам діні адамды материалдық және қаржылай мақсатына жетуді ғана ұйғармай, сонымен қатар рухани кеңістікке жайғастыратынын, рухани, моральдық бастамаларды басшылыққа алу туралы ой-пікірлерін түркі ғұламалары рухани бай қоғамда ұмтылудың негізін сала білді.

«Қайырымды қалатұрғындарының көзқарастары» туралы Әл-Фарабидің еңбегі дидактикалық, тәрбиелік маңызы зор трактатында руханияттан яғни, моральдан ажыраған антинеетті әшкерелеп «Әл мадинат әл фадима (ізгі қала). Изгі қала әл-имандылық, адамгершілік негізінде құрылған, үлгілі қоғам бейнесі» деп атап өтеді [4].

Жүсіп Баласағұнның да «Құтты Білік» поэмасының идеялық мазмұны – адамгершілік, адамды жақсылыққа жетелейтін қасиеттерді дәріптеу болды. Мемлекеттегі әр бір лауазым несіне қойылатын талаптарды атап өтеді, соның ішінде елшіге: «елші ердің төрт құбыласы тең болсын, елде – кісі, сыртта – бүтін ел болсын!» [5] деп келтіреді.

Баласағұн өз поэмасын Қарахан мемлекетінің қағанына идеологиялық тапсырманы орындау мақсатымен, әлеуметтік қажеттіліктерді жүзеге асыру үшін жазып қолына тапсырғаны белгілі. «Құтты білік» Әл-Фарабидің ізгі қала туралы трактатына көп жағынан ұқсас.

Екі ойшыл да біреуі – ғылыми тілмен, екіншісі – көркем тілмен – үлгілі мұсылман қоғам туралы ой-толғанысын, арман-тілегін суреттеп жеткізеді.

Адам бойындағы жаман қасиеттердің бәрі, атап айтқанда зұлымдық пен қатігездік, сараңдық пен опасыздық т.б. түптеп келгенде бәрі білімсіздік пен надандықтан деп есептейді Баласағұн.

«Ұлтымыздың болмысын қалыптастырған, құндылықтық бағдарын белгілеген ілімдердің бірегейі – Қожа Ахмет Яссауи ілімі» деген пікірді ұстанған дін істері агенттігі Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығының діни орталықтарды зерттеу бөлімінің бастығы,

яссауитанушы Айнұр Әбдірәсілқызы өз сұхбатында Яссауидың толеранттылық ұстанымы жайында былай деген: «Рухани тазалық пен кемелдікті мақсат еткен Яссауи жан тазалығы, ар тазалығы, жүрек тазалығы қағидаларын бірінші орынға қойды. Ол өз ілімін қоғамды тәрбиелеуші, түзетуші ар ілімі ретінде түсіндірді. «Жаным – арымның садағасы», «Жарлы болсаң да арлы бол» деген қазақ халқы да осы ілімді жан-жүрегімен қабылдаған. Ясауи ілімінің негізгі ұстанымдарының бірі – толеранттылық. «Бөгде дін өкіліне де азар бермеу – Пайгамбар сүннеті» («Сүннет ерміш кафир олса берма азар») деп жазған Яссауи кез келген дін өкіліне құрметпен қарауды насихат еткен. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым» деген Абай сөздері де осы ақиқатқа тіреледі» [6]. Осы арқылы Қожа Ахмет Ясауидің толеранттылық жайында, өзге дінге төзімділік танытуды өсиет етіп кеткенін білуге болады.

«Даналық кітабы» деп аталатын еңбек авторы Яссауидің бірлікті, ынтымақтастықты, толеранттылықты маңызды санағаны да өзінің осы еңбегінен аңғарылмақ. Теология және философия ғылымдарының докторы Д. Кенжетәев Яссауи жайында өз мақаласында былай деп топшылайды: «Тарихтағы Яссауи жолы – дін іші тұтастыққа және діндер арасы татулық пен толеранттылыққа шақырады» [7].

Қазақстан Республикасы 130-дан астам ұлттар мен конфессиялар бейбіт өмір сүретін бірегей мемлекет ретінде сипатталады. Қазақстанның оң бейнесі мен еліміздің ішкі саясатындағы оң ахуал – ел басшылығының бабаларымыздың көп ғасырлық тәжірибесіне негізделген, дана саясатының нәтижесі деп білуге болады. Қысқаша айтқанда оны «төзімділік саясаты» деп атауға болады. Оның негізі еліміздің Ата Заңында келтірілген: «1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. 2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» [8].

Әртүрлі нанымдардың, әртүрлі мәдениеттердің бір қоғамда мәдениаралық түсіністік арқылы бейбіт әрі үйлесімді қатар өмір сүруі, мүдделердің өзара келісіміне негізделген үндесу жаңа формациядағы мемлекеттік қызметшілер қызметінің қағидасына айналуы тиіс. Қазіргі кезде мемлекеттік қызметшінің жаңа бейнесін, яғни мемлекеттік қызметшінің жаңа үлгісін қалыптастыру үрдісі орын алуда. Және де мемлекеттік қызметші қызметінің төзімділік қағидаты, яғни адам құқықтарының үстемдігіне, елде демократия мен құқықтық тәртіптің орнатылуына ықпал ету міндеті мемлекеттік қызметшінің бейнесін қалыптастыру барысындағы негізгі қағидаға айналуы тиіс. Төзімсіздік көріністері – басқа адамдарға қатысты құрмет сезімінің жеткіліксіздігі. Аталған сезімнің бастауы – кейбір адамдардың тек өз көзқарастары мен өздерінің өмір бейнесі ғана басқалардан артық деген ойда. Төзімсіздік көріністері кез келген мөлшер мен деңгейде болуы мүмкін: қарапайым өркениеттіліктің жеткіліксіздігінен, басқалармен есептеспеушіліктен бастап адамдарды елемеушілікке, адам болмысының іргелі құндылықтарын мойындаудан бас тартуға және адамдарды әдейі кемсітуге дейін.

Жоғарыда аталып өткен ұлы ғұламалар сөзіне келісе отырып, қазіргі жаһандану заманындағы сол ұлы ойшылдардың өнеге өсиеттерін ұстана отырып, ел билеп, халық тізгіндеген отандастарымызбен мақтанамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нуржанов Б.Г., Ержанова А. М. Толерантность как духовная ценность // «Заманауи түркі әлемінің рухани құндылықтары» атты философия ғылымдарының докторы, профессор Жақыпбек Алтаевтың 65 жасқа толуына арналған дөңгелек үстел материалдары. Алматы, 23 сәуір, 2013 ж.
2. Социология межэтнической толерантности / Отв. Ред. Л. М. Дробижева. – М.: Изд-во Института социологии РАН, 2003. – 222 с.
3. О смысле понятия «толерантность» // Век толерантности. 2001. №1.
4. Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. А-А: Наука, 1973. – С.108.
5. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. – 509 б.
6. Әбдірәсілқызы А. Олар «ұлт» деген ұғым мен құндылықты есепке алмайды, өз көзқарастарына ортақ болғандарды ғана «мұсылман бауырлар» деп санайды. 17 тамыз 2011 ж. // <http://baq.kz>
7. Кенжетәев Д. Ясауи жолы – дініміз бен діліміздің темірқазығы. 14 мамыр 2012 ж. // <http://sunna.kz>
8. ҚР Конституциясы <http://www.adilet.go>